

Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны және ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны арасындағы ынтымақтастық туралы

М Е М О Р А Н Д У М

Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры Асқарова Мария Келесқызы бірінші тараптан және ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры Шаңбай Тұрдықұл Қасенұлы екінші тараптан, (әрі қарай «Тараптар») музейлер арасындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, ұлттың мәдени-тарихи мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттау, сонымен бірге музейлердің ғылыми және мәдени байланыстарын нығайту мақсатында өзара шығармашылық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Тараптар келесі бағыттарда бірлесіп өзара ынтымақтастыққа қолайлы жағдай жасауға келісті:

Меморандумның мақсаты:

Сталиндік қуғын-сүргін «геноцид» саясатына ұшыраған Алаш қозғалысының қайраткерлері мен қазақ елінің біртуар азаматтарының ерлігін, ұлтжандылығын келешек ұрпақтың санасына жеткізу. Бұл ұлтымыздың қасіретті тарихын әрбір қазақ баласы ұмытпауы парыз. Қазақтың заңғар тұлғаларына жала жабылған заманды басынан өткерген Алаш қайраткерлерінің жасаған өлшеусіз еңбектері мен кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани бай мұраларын насихаттау, жүзеге асыру мақсатында тараптардың жалпы жұмыс бағыты меморандумның жасалуына негіз болады.

Келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасаған ағартушылық аманаттарын екі музейдің жұмыс бағыты болып табылатындай ескере отырып, тараптар меморандум бойынша төмендегі келісімдерге қол жеткізді және олардың орындалуын екі тарапта міндет етіп алады:

1. Тараптар өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі мен спорт министрлігі Абайдың «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-

мемориалдық музей-қорығының ғылыми-зерттеу бағытында жан-жақты байланыс орнатады;

2. Бірлескен ғылыми-зерттеу және мәдени-танымдық жобаларды дайындайды және жүзеге асырады;

3. Екі тарап өзара қажет болған жағдайда күнтізбелік даталарға орай өткізілетін ғылыми-тәжірибелік форумдарды (конференция, семинар, симпозиум, дөңгелек үстел және т.б) онлайн жүйесі үйлесіміне сай бірлесіп өткізеді;

4. Тараптар жұмыс барысында өзара қуғын-сүргін құрбандарына қатысты жаңа тың деректермен және қажетті ақпараттармен алмасып отырады;

5. Осы меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптар арасындағы келіссөздер арқылы жасалады. Меморандумға Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде қолданылады. Осы меморандум, егер Тараптардың ешқайсысы меморандумның қолданысын тоқтатқаны үшін, аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын айтпаса, меморандум келесі 5 (бес) жылға автоматты түрде ұзартылады;

6. Келісім қазақ тілінде екі тарап үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды.

<p>Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ҚР, Шымкент қ., Қ.Рысқұлбеков 14 А БСН: 021040004127 Тел: 8 (7252) 21-42-58, 8 (7252) 21-01-40 Email: repressia.kz@mail.ru Директор Асқарова Мария Келесқызы</p> <p>Күні: « 21 » 20 2 ж.</p>	<p>ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ҚР, Абай облысы, Семей қ., Қ.Мұхамеджанов к., 29 үй БСН: 980440001649 Тел: 8(7222) 35-43-57, 8(7222) 35-32-82 Email: abai-museum@mail.ru Директор Шанбай Тұрлықұл Касенұлы</p> <p>Күні: « 21 » 20 2 ж.</p>
--	--